

## Қазақстан Республикасында нотариаттық іс қағаздарын жүргізу жөніндегі Нұсқаулық

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1998 жылғы 16 шілдедегі N 83 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 10 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 655. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 23 тамыздағы № 294 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.08.23 № 294 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың қазақ тіліндегі нұсқасы қағаз мәтінінде жоқ, орыс тілдегі мәтінінен РҚАО қызметкерлерімен аударылды.

"Нотариат туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Заңының 32-бабына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қазақстан Республикасында нотариаттық іс қағаздарын жүргізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін.

2. Аймақтық әділет органдарының басшыларына:

- барлық нотариустармен Нұсқаулықты зерделеуді ұйымдастыру және оны іс қағаздарын жүргізуде іс-тәжірибе жүзінде дұрыс қолданылуын қамтамасыз етілсін;

- 01.09.98 ж. мерзімге дейін кітаптарды, журналдарды, бланклерді, тіркеу мөртабандарын осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес келтіру және онымен барлық нотариалдық контораларды қамтамасыз етсін.

3. Осы Нұсқаулықтың күшіне енуіне байланысты, Қазақстан КСР Әділет министрінің 03.03.1976 жылғы N 3 бұйрығымен бекітілген "Мемлекеттік нотариалдық контораларда іс қағаздарын жүргізу жөніндегі" Нұсқаулықтың күші жойылды деп танылсын.

4. "Эскиз және жеке нотариустардың мөрі туралы уақытша ережені бекіту туралы" 25.05.1998 жылғы N 61 бұйрықтың 2-тармағының күші жойылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау құқықтық қызметтерді ұйымдастыру Департаментіне жүктелсін.

*Министр*

# Қазақстан Республикасында нотариаттық іс қағаздарын жүргізу жөніндегі Нұсқаулық

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Нотариаттық іс қағаздарын жүргізу жөніндегі осы Нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) 6.38-72 Мемлекеттік Стандарттың ұйымдастыру-әкімшілік құжаттарына қойылатын негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып жасалған және нотариатта іс қағаздарын жүргізудің біртұтас тәртібін орнықтырады.

2. "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңның 4-бабына сәйкес нотариаттық іс қағаздарын жүргізу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асырғысы келген адам іс қағаздары жүргізілетін тілді білмейтін болса, ресімделген құжаттардың мәтіндерін оған нотариус немесе аудармашы аударып беруге тиіс.

3. Мемлекеттік нотариат кеңсесінде іс қағаздарын жүргізудің және мұрағаттың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуі үшін жауапкершілік аумақтық әділет органы басқармасы бастығының бұйрығымен мемлекеттік нотариат кеңсесі нотариустарының біріне жүктеледі.

Жеке практикамен айналысатын нотариустың іс қағаздарын жүргізуі мен мұрағатының дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жауапкершілікті жеке практикамен айналысатын нотариустың өзі көтереді.

4. Мұрағат үшін жауапты жекеше нотариаттық нотариус жұмыстан шыққан немесе басқа жұмысқа ауысқан жағдайда, оның міндеттері басқа нотариусқа жүктеледі, бұл жөнінде қабылдау-өткізу актісі жасалады. Жеке жұмыс істейтін нотариус өз өкілеттігін тоқтатқан жағдайда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата құжаттарды басқа нотариусқа немесе тиісті жекеше нотариаттық мұрағатқа тапсыру жөніндегі шараларды қолдануға міндетті ("Нотариат туралы" Заңның 12-бабының 3-тармағы).

**Ескерту: 4-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.**

4-1. Жекеше нотариустың бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі - БНАЖ) электрондық тізілімдегі мәліметтеріне қол жеткізу құқығы аумақтық нотариалдық палатаның тиісті жекеше нотариаттық мұрағатына мынадай түрде беріледі:  
лицензиар БНАЖ-ға жекеше нотариус лицензиясының қолданылуын тоқтату

туралы бұйрық туралы мәліметті (күні, нөмірі, негіздеме) енгізеді; облыстардың, Астана және Алматы қалалары аумақтық әділет органдары БНАЖ-ға жекеше нотариусты есептік тіркеуден шығару туралы бұйрық туралы мәліметті (күні, нөмірі, негіздеме) енгізеді;

тиісті Нотариаттық палата БНАЖ-ға нотариаттық палатаның мүшелігін жоғалтқаны туралы бұйрық туралы мәліметті (күні, нөмірі, негіздеме) енгізеді.

Көрсетілген деректерді тіркеген жағдайда БНАЖ-да қамтылған мәліметтерге қол жеткізу аумақтық нотариаттық палатаның жекеше нотариаттық мұрағатына беріледі.

Мемлекеттік нотариустың БНАЖ электрондық тізіліміндегі мәліметтерге қол жеткізу құқығы мемлекеттік нотариусты жұмыстан шығару туралы бұйрық туралы мәліметтерді (күні, нөмірі, негіздеме) БНАЖ-ға енгізу жолымен тиісті мемлекеттік мұрағатқа беріледі.

**Ескерту: 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

4-2. Жекеше нотариустың лицензиясының қолданылуы тоқтаған немесе тоқтатыла тұрған кезде лицензиар бұйрық шығарылған күннен бастап 24 сағаттың ішінде бұйрық туралы мәліметтер (күші, нөмірі, тоқтату немесе тоқтата тұру, тоқтата тұру мерзімі) көрсетілген осы жекеше нотариустың БНАЖ электрондық тізілімінде нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу мүмкіндігін тұйықтайды. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе қалпына келтіру мерзімі өткен кезде лицензиар бұйрық шығарылған күннен бастап 24 сағаттың ішінде оны ажыратады.

**Ескерту: 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

4-3. БНАЖ жұмысын техникалық себептермен тоқтатқан жағдайда нотариус бұл туралы акті жасайды және нотариаттық әрекеттерді тіркеу үшін тізілімге жазба жүргізеді. БНАЖ-дың жұмысы қалпына келтірілген кезде БНАЖ электрондық тізілімінде көрсетілмеген жазбалар нотариаттық әрекеттерді тіркеу үшін тізілімде жазба жүргізілген кезегімен 24 сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі.

**Ескерту: 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

4-4. Нотариустардың БНАЖ арқылы мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан жеке мақсаттарға мәліметтерді пайдалануына жол берілмейді.

**Ескерту: 4-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

## **2. Қызметтік құжаттарды дайындау**

5. Нотариаттық мәмілелерді куәландыру, куәліктер беру және басқа құжаттарды куәландыру, сондай-ақ оларға куәландыру жазбалары " Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау тәртібі туралы" Әділет министрінің 1998 жылғы 28 шілдедегі N 539 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықтың талаптары және 6.38-72 Мемлекеттік стандартының негізгі ережелері мен талаптары ескеріле отырып жазылуы тиіс.

6. Нотариустан шығатын ұйымдастыру-әкімшілік сипаттағы құжаттарда мемлекеттік нотариаттық кеңсенің атауы немесе жеке практикамен айналысатын нотариустың тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы және нотариустың нотариаттық қызметті жүзеге асырып отырған нотариаттық округі көрсетілуі керек. Құжат түрінің атауы (хаттама, қаулы, сенімхат) және тақырыптары бас әріптермен жазылады.

7. Тақырып қай мақсатқа арналғанына қарамастан А4 (210x297 мм) көлемдегі кез-келген құжатқа қойылады. Тақырыпты құрастырушы қояды, барынша қысқа және құжаттың мазмұнын дәл көрсетуі тиіс.

Хабарламалар мен телефонхаттарға тақырып қойылмайды.

8. Құжатқа мекен-жайды жазғанда төмендегідей деректемелер сақталынуы т и і с :

құжат ұйымға, оның құрылымдық бөлімшесіне немесе нақты тұлғаға ж о л д а н а д ы ;

ұйымның және оның құрылымдық бөлімшесінің атауы атау септігінде к ө р с е т і л е д і ;

құжат лауазымдық қызметкерге жөнелтілген жағдайда ұйымның атауы атау септігінде, ал алушының лауазымы мен тегі барыс септігінде көрсетіледі;

хат алмасушы адамның пошталық мекен-жайы құжат жолданып отырған ұйым атауынан кейін толық көрсетіледі. Құжат азаматтарға жөнелтілген жағдайда алдымен пошталық мекен-жайы, одан соң алушының тегі, аты-жөні көрсетіледі.

9. Құжаттардың уақытын көрсету екі түрлі тәсілмен жүргізіледі: күнін жазуда айы мен жылын цифрлармен, ал айының атауын сөзбен жазу жолымен, мысалы: 1998 жылдың 27 қаңтары;

үш жұп араб сандары арқылы, мысалы: 27.01.98 ж. Егер айдың саны мен нөмірі бір саннан тұратын болса, олардың алдынан "0" қойылады, мысалы: 02.02.98 ж. Егер құжат бланкіге жазылмаған болса, онда күні қолдан төмен сол жаққа қойылады.

10. Қызметтік құжаттардың барлық даналарына қол қойылуы тиіс.

Құжатқа қойылатын қолдың құрамына мыналар кіруге тиісті: құжатқа қол қойған тұлғаның лауазымының атауы, өз қолы және оның толық мағынасы мысалы, "нотариус (қолы) О.О.Омарова".

Комиссия дайындаған құжаттарға қол қойылғанда құжатты құрастырушылардың қызметі көрсетілмейді, комиссия құрамындағы міндеттердің бөлінуі (комиссия төрағасы, комиссия мүшелері) көрсетіледі.

11. Құжатқа қоса берілетін қосымшалар құжат мәтінінен кейін әрбір қосымшадағы парақ саны мен даналардың саны жазылып аталып көрсетіледі.

Егер құжатта мәтінде ескертілетін қосымшалар болса, онда қосымшада тек парақтар саны мен даналар саны көрсетіледі.

12. Сұрау салуға жауап берілгенде сұрау салынған құжаттың нөмірі мен күніне сілтеме жасалуы қажет.

13. Екі және одан көп парақтан тұратын құжаттар нөмірленуге, баулануға және мөрмен бекітілуге тиіс.

### **3. Құжаттарды қабылдау, тіркеу және жіберу**

14. Мемлекеттік нотариат кеңсесіне немесе жеке практикамен айналысатын нотариусқа келіп түсетін барлық құжаттар (оның ішінде арыздар) тіркеуге ж а т а д ы .

"Жеке өзіне" белгісі соғылған конверттер мен құттықтау қағаздар және осы тектес құжаттар тіркелмейді және ашылмайды. Келіп түскен құжаттардың конверттері егер құжаттың жөнелтілген және алынған уақыттарын, жөнелтушінің мекен-жайын тек солар бойынша анықтауға болатын жағдайда жойылмайды.

15. Келіп түскен құжаттар қабылданғанда ең алдымен өзге мақсаттардағы құжаттар іріктелініп алынады, сонымен қатар ішіне салынған құжаттардың тұтастығы тексеріледі. Қателесіп жеткізілген құжаттар тиісінше қайта ж ө н е л т і л е д і .

Егер құжаттардың немесе оған қосымшасының жоқ болғандығы анықталса, бұл жөнінде жөнелтушіге хабарлама жасалады.

16. Құжаттарды есепке алу және олардың орындалуына бақылау жасау үшін нотариат кеңселері мен жекеше нотариустар төмендегідей журналдар жүргізуі т и і с :

- хат-хабарлардың кіріс журналы (N 1-қосымша);
- хат-хабарлардың шығыс журналы (N 2-қосымша).

Нотариусқа келіп түскен құжаттар хат-хабарлардың кіріс журналында т і р к е у д е н ө т е д і .

Қабылданған құжатта бірінші беттің төменгі жолында оның күні және хат-хабарлар кіріс журналындағы реттілік нөміріне сай келетіндей (N 3 қосымша ) тіркеу нөмірі, сондай-ақ құжат тігілетін наряд нөмірі қойылады.

17. Пошта арқылы түскен мұраны қабылдау туралы арыздар, мұраға құқық туралы куәлік беру, мұрадан бас тарту туралы, мұралық мүліктерді қорғауға шаралар қабылдау, несие берушінің талаптары, жылжымайтын мүлікті иеліктен айыруға тыйым салу туралы хабарламалар, жылжымайтын мүлікке тыйым салу туралы сот пен тергеу органдарының хабарламалары хат-хабарлардың кіріс журналында тіркеледі және "Нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібі туралы" Нұсқаулықта бекітілген тәртіпке сай тіркеуден өткізіледі.

18. Нотариус банкке (басқа сақтаушыға) сақтауға тапсырылған мұралық мүліктің жекелеген заттары көрсетіліп тізімделген бағалы мұралық мүліктерді есепке алу кітабына тіркейді (N 4-қосымша).

19. Жіберілетін құжаттар хат-хабарлардың шығыс журналында тіркеледі.

Құжатқа хат-хабарлардың шығыс журналындағы реттілік нөміріне сай келетіндей тіркеу нөмірі, сондай-ақ оның көшірмесі сақталатын наряд нөмірі қойылады.

20. Хат-хабарлар алушыларға пошта арқылы жіберіледі немесе қолға тапсырылады.

#### **4. Құжаттардың орындалуына бақылау жасау**

21. Құжаттардың орындалу сапасы мен мерзімдеріне бақылау жасауды мемлекеттік нотариат кеңсесін басқаратын нотариус немесе жеке практикамен айналысатын нотариус жүзеге асырады.

#### **5. Іс номенклатурасын құрастыру**

22. Мемлекеттік нотариат кеңсесінің және жеке практикамен айналысатын нотариустың құжаттары олар орындалғаннан кейін белгілі бір мәселелер бойынша құжаттар жиынтығы ретінде іске топтастырылады.

Құжаттарды топтастыру іс жүргізуде олардың (істер, нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдер, кітаптар, журналдар) сақталу мерзімдері көрсетілген жүйеленген тақырыптар тізбегінен тұратын үлгі номенклатурасының негізінде N 5-қосымша іс номенклатурасында тізіледі.

**Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

23. Нотариат істері номенклатурасының даналары қажетті мөлшерде басылады және келер жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады.

Іс номенклатурасы тиісті түзетулермен қайта жасалады және тиісті мұрағатпен келісіледі де мемлекеттік нотариаттық кеңсенің жетекшісі немесе жеке практикамен айналысатын нотариус бекітеді. Іс номенклатурасының алғашқы данасы нотариуста сақталады, екіншісін нотариус жұмыста

пайдаланады, үшіншісі нотариат мұрағатына тапсырылады, төртіншісі іс номенклатурасы келісілген мұрағатта қалдырылады.

24. Іс номенклатурасында күні бұрын көзделмеген, бірақ жыл бойына қосымша нарядтар жүргізу қажет болған жағдайда пайдалану үшін резервтік нөмірлер көзделеді.

25. Жыл аяқталғаннан кейін ашылған нарядтардың саны туралы қорытынды жазу енгізіледі (N 6-қосымша).

Уақытша сақтау істері үшін есеп құжаты ретінде іс номенклатурасының бір данасы мемлекеттік нотариаттық кеңсенің немесе тұрақты түрде жеке практикамен айналысатын нотариустың мұрағатында қалдырылады.

26. Мемлекеттік нотариат кеңсесіндегі және жеке практикамен айналысатын нотариустағы барлық құжаттар орындалғаннан кейін нарядтарға топтастырылады.

27. Басқа құжаттардан бір өзгешелігі мұраның қабылданғаны туралы, мұраны иеленуге құқық беретін куәлік беру туралы, мұралық мүліктің есебінен шығыстарды төлеу туралы, мұралық мүлікті қорғауға шаралар қабылдау туралы арыздар бойынша қабылданған осы шаралар, сондай-ақ несие берушілердің талаптары бірден жеке мұралық істерге топтастырылады, олардың әрқайсысы іс номенклатурасына (нарядтарға) сәйкес индекс алады, сонан-соң мұралық істерді есепке алу кітабына (N 7-қосымша) оған реттік нөмір беріліп тіркеледі.

Мұралық іске аталған арыз бойынша мұраны ресімдеуге байланысты барлық құжаттар тігіледі.

Егер мұралық істі жүргізу ағымдағы жылда аяқталмаса, онда ол сол нөмірімен келесі жылға көшеді және қайта тіркеуге жатпайды.

28. Нарядтарға бір жылдың құжаттары топтастырылады. Наряд ішінде олар хронологиялық тәртіппен бір жүйеге келтіріледі, бұл ретте құжат-жауап құжат-сұрақтан кейін орналастырылуы тиіс.

29. Статистикалық есеп берулер жасалған уақытына қарамастан мазмұнына қарай қай жылға жататын болса сол жылдың нарядына тігілуі тиіс.

30. Қатысы жоқ құжаттарды, сондай-ақ бастапқы қолжазбалар мен құжаттар жобаларын нарядтарға қосуға болмайды.

## **6. Құжаттарды қалыптастыру, сақтау және оларды мұрағатқа тапсыруға дайындау**

31. Нарядтарды қалыптастыру барысында мына ережелерді сақтау қажет: бекітілген іс номенклатурасына сәйкес келетін атқарылған, дұрыс ресімделген құжаттарды ғана нарядтарға енгізу; бір мәселені шешуге қатысы бар барлық құжаттарды бірге орналастыру;

көшірілетін істерден басқа бір жылдың құжаттарын нарядтарға топтастыру;  
тұрақты және уақытша сақталатын құжаттарды нарядтарға жекелей  
қ а л ы п т а с т ы р у ;

нарядтарға қайтарылуы тиіс құжаттар, артық даналар, бастапқы қолжазбалар  
т і г і л м е у і т и і с ;  
нарядтағы парақтар саны 250-ден аспауы тиіс.

32. Нотариат жұмысының мәселелері бойынша азаматтардың өтініштері және олардың қаралуына және орындалуына байланысты барлық құжаттар азаматтардың жеке мәселелер жөніндегі өтініштерінен бөлек топтастырылады.

33. Құжаттарға қосымшалар олардың қай кезде бекітілгеніне немесе құрастырылғанына қарамастан қайсысына жататын болса, сол құжаттарға қосылады.

34. Нарядтардың мұқабалары 17914-72 Мемлекеттік стандарты бойынша  
р е с і м д е л е д і ( N 8 - қ о с ы м ш а ) :

тұрақты мерзімге сақталатын нарядтар қатқыл мұқабаға бекітіледі және 4 тесік арқылы берік жіппен тігіледі, мұқабаның сыртындағы жазулар жарыққа төтеп бере алатындай сиямен жазылады, соңында жеке бір парақта мынадай нысанда куәландыру жазбасы жазылады: "нарядта 5 (парақ) бауланған және нөмірленген. Мұрағатқа жауапты-қолы, күні";

уақытша сақталынатын (10 жылға дейінгіні қоса алғанда) нарядтар ішінара ресімделуге жатады - құжат тігілетін папкада сақталынады, парақтар нөмірленбейді, куәландыру жазбалары құрастырылмайды.

35. Нарядтағы парақтар араб әріптерімен құжат мәтініне түсірілмей оң жақ бұрышта, қара графикалық қарындашпен немесе нөмірлегішпен нөмірленеді. Нөмірлеу үшін түрлі-түсті қарындаштар мен сияларды қолдануға тыйым салынады.

36. Нотариат іс қағаздарындағы "Құжаттандыру мен құжаттаманы басқарудың негізгі Ережелеріне" сәйкес қалыптастырылған және ресімделген, бағалық сараптаудан өткен тұрақты және уақытша (10 жылдан астам) сақтаудағы барлық аяқталған нарядтар мен жеке құрам жөніндегі нарядтарға нарядтар  
т і з і м д е р і ж а с а л а д ы .

Нарядтар тізімі - бұл нарядтардың құрамы мен мазмұнын ашатын нарядтар тақырыптарының жүйеленген тізбесі (N 9, 10-қосымша).

Н а р ы д т а р т і з і м і :  
тұрақты сақталатын нарядтарға;  
уақытша (10 жылдан аса) сақталатын нарядтарға;  
жеке құрам жөніндегі нарядтарға жеке жасалынады.

Тұрақты сақталатын нарядтар тізімдерінің бір жылдық бөлімдері төрт дана етіп құрастырылып, мемлекеттік нотариат кеңсесіндегі іс қағаздарына жауапты



нотариус немесе жеке практикамен айналысатын нотариус бекітеді, сараптама комиссиясының қолы қойылады және нотариат жетекшісімен келісіледі.

Тұрақты сақталатын нарядтарға жасалатын тізім бекіту үшін тиісті мемлекеттік мұрағатқа жіберіледі. Тізімнің үш данасы бекітілгеннен кейін мемлекеттік мұрағатта қалдырылады, біреуі мемлекеттік нотариат кеңсесіне немесе жеке нотариаттық практикамен айналысатын нотариусқа қайтарылады.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінің бекітілген тізімінің бөлімдеріне сәйкес жеке практикамен айналысатын нотариустар тізімде көрсетілген барлық нарядтарды белгіленген мерзімдерде мемлекеттік мұрағаттарға сақтауға тапсыруға міндетті.

Жоюға іріктелген құжаттарға 2 дана акт жасалады (N 11-қосымша), ол бір мезгілде нарядтар тізімімен бірге қаралады және мемлекеттік нотариат кеңсесінің жетекшісі немесе жеке практикамен айналысатын нотариус бекітеді, содан кейін ғана жойылуға бөлінген нарядтар жойылады.

## **7. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімін жүргізу тәртібі.**

### **Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу**

**Ескерту: 7-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

37. "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабына сәйкес барлық нотариаттық іс-әрекеттер нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдерде және БНАЖ электрондық тізілімінде тіркеледі.

Тізілімдер нысаны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде бекітіледі ("Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы).

**Ескерту: 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

38. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдер баулануы, парақтары нөмірленуі, парақтардың жалпы саны қол қойылып мөрмен бекітілуі тиіс, мұны мемлекеттік нотариаттық кеңселерде - аумақтық әділет органының қызметкері, жеке практикамен айналысатын нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерін тіркеуге арналған тізілімді - нотариаттық палата жүзеге асырады.

**Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

39. Әрбір нотариустың нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу үшін жеке өзінің тізілімі болады. Бір мезгілде бірнеше тізілімдер жүргізуге жол берілмейді.

Әрбір нотариаттық іс-әрекетке жеке реттік нөмір беріледі. Нөмірлер қайталанбауы, бөлшек арқылы жазылмауы тиіс.

**Ескерту: 39-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

40. Куәландыру жазбасына немесе берілетін құжатқа нотариус қол қойғаннан кейін нотариус нотариаттық іс-әрекетті нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімге және БНАЖ электрондық тізіліміне енгізеді.

**Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

41. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдегі жазуды өшіріп тазартуға жол берілмейді, ал түзетулер нотариустың қолымен және мөрімен бекітілуі тиіс. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімді қарындашпен жазуға жол берілмейді. Егер жіберілген қателер анықталған жағдайда нотариаттық іс-әрекеттерді нөмірлеу барысында нотариустың қолымен анықтама жасалады да нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімнің с о ң ы н д а т і г і л е д і .

БНАЖ электрондық тізілімінде түзетулер мен қателер «Ескерту» деген б а ғ а н д а е с к е р т і л е д і .

**Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

42. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімге және БНАЖ электрондық тізіліміне нотариус жасаған нотариаттық іс-әрекеттердің бәрі жазылып отырады ( N 12, 12-1-қосымшалар).

Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдегі нөмірлер мен жазбалар БНАЖ электрондық тізіліміндегі нөмірлер мен жазбаларға сәйкес келуі т и і с .

**Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

43. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілім 7 бағанадан тұрады, олар мынадай тәртіппен толтырылады:

1-бағанада - тіркелген нотариаттық іс-әрекеттің реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанада - нотариаттық іс-әрекеттің жасалынған күні көрсетіледі;

3-бағанада - нотариаттық іс-әрекеттер жасалған азаматтардың немесе олардың өкілдіктерінің (ата-аналар, қамқоршылар, қорғаншылар) тегі, аты, әкесінің аты және тұрғылықты орындары, заңды тұлғалардың атауы мен тұрған орны көрсетіледі. Егер мәмілеге қатысушылардың біреуі сенімхат бойынша әрекет жасайтын болса, сенім білдірушінің тегі, аты, әкесінің аты, сенімхаттың нөмірі мен берілген уақыты қосымша көрсетіледі. Өз бетімен қол қоя алмайтындар үшін қол қойған азаматтардың, сондай-ақ аудармашылардың тегі мен аты-жөні, тұрғылықты мекені де осы бағанада көрсетіледі.

Егер нотариаттық рәсімделген құжаттың (мысалы шарт, өсиет және т.б.) бір данасы мемлекеттік нотариат кеңсесінде немесе жекеше нотариуста қалдырылатын болса, тараптардың мекен-жайы көрсетілмейді;

4-бағанада - нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш берген азаматтардың жеке куәліктері мен төлқұжаттарының деректемелері көрсетіледі;

5-бағанада - құжаттар көшірмелерінің растығы куәландырылғанда көшірмелердің неше дана, неше беттен тұратыны, құжаттардың атауы, құжат берілген адамның тегі, аты-жөндерінің бастапқы әріптері, сол құжатты берген органның атауы көрсетіледі;

бұл бағанада жасалған мәмілені куәландыру кезінде тек мәміленің тірі, мәселен "өсиет", "сатып алу - сату шарты" деп көрсетіледі, сондай-ақ берілген куәліктер туралы мәліметтер, мысалы "меншік құқығы туралы куәлік", "мұрагерлік құқық туралы куәлік" деп жазылады;

сенімхатты куәландыру барысында сенімхат тірі көрсетіледі;

біркелкі нысандағы құжаттарға бір мезгілде бірнеше орындау жазбалары жазылып берілгенде олардың тек жалпы саны ғана көрсетіліп, борышты өндіріп алу үшін борышкерлердің нотариат кеңсесіне қалдыратын тізіліміне сілтеме жасалып көрсетіледі;

6-бағанада - мемлекеттік нотариус өндірген мемлекеттік баж салығының сомасы немесе нотариаттық іс-әрекетті жасағаны үшін жекеше нотариусқа төленген қаржы мөлшері көрсетіледі, төлемдік тапсырыс бойынша көрсетілген қаржы ұсталынғанда оның нөмірі мен берілген уақыты көрсетіледі. Егер азамат мемлекеттік баж салығын немесе жекеше нотариусқа қаржы төлеуден босатылған жағдайда "төлеуден мынадай негізде босатылды ..." (босату негізі атап айтылады) деп көрсетіледі;

7-бағанада - нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш білдірген адамның қолы қойылады.

**Ескерту: 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

43-1. Нотариаттық іс-әрекеттер осы Нұсқаулыққа 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БНАЖ электрондық тізілімде де тіркеледі. БНАЖ электрондық тізілімі 9 бағаннан тұрады.

1-бағанда – нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімге сәйкес келетін нотариаттық іс-әрекеттің реттік нөмірі көрсетіледі. 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап тізілім нөмірі БНАЖ-де автоматты түрде беріледі.

2-бағанда - нотариаттық іс-әрекеттің жасалынған күні көрсетіледі (автоматтық түрде қойылады);

3-бағанда – нотариаттық іс-әрекеттің нақты жасалған күні көрсетіледі (деректер нотариаттық іс-әрекет жасалған күні емес енгізілген, техникалық себептер бойынша, нотариаттық іс-әрекет көшпелі түрде жасалған жағдайда);

4-бағанда - нотариаттық іс-әрекеттер жасалған азаматтардың немесе олардың өкілдерінің (ата-аналар, қамқоршылар, қорғаншылар) тегі, аты, әкесінің аты,

олардың туған жері мен күні, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) және бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - БСН), заңды тұлғалардың атауы мен тұрған орны көрсетіледі. Егер мәмілеге қатысушылардың біреуі сенімхат бойынша әрекет жасайтын болса, сенім білдірушінің тегі, аты, әкесінің аты, сенімхаттың нөмірі мен берілген уақыты қосымша көрсетіледі. Өз бетімен қол қоя алмайтындар үшін қол қойған азаматтардың, сондай-ақ аудармашылардың тегі мен аты-жөні, тұрғылықты мекені де осы бағанда көрсетіледі.

5-бағанда - нотариаттық іс-әрекет жасауға өтініш берген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжат (жеке куәлігі немесе төлқұжаты), нөмірі, қашан және кім бергені, ЖСН мен БСН-нің деректері;

6-бағанда – нотариаттық іс-әрекетті жасағаны үшін төленген сома көрсетіледі ;

7-бағанда – құжаттың мәртебесі (жасалған және күші жойылған) көрсетіледі. Жасалған – нотариус куәландырған құжат, күші жойылған – тараптардың өтініштерінің, сот шешімінің негізінде күші жойылған нотариаттық іс-әрекет ж ә н е т . б .

8-бағанда - нотариаттық іс-әрекеттің қысқаша мазмұны көрсетіледі.

9-бағанда – ескертуде БНАЖ электрондық тізіліміндегі бағандарды толтыру кезінде нотариус жол берген қателіктер, нотариаттық іс-әрекетті жарамсыз деп т а н у н е г і з і ж а з ы л а д ы .

**Ескерту: 43-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

44. Банкердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың несиелер беру жөніндегі хабарламалары бойынша жылжымайтын мүлікке иеліктен алуға салынатын тыйымдар 9 бағанадан тұратын арнайы тыйымдар тізіліміне жазылады (N 13-қосымша).

45. Мүліктерге иелік етуден айыруға салынатын тыйымдарды тіркеу үшін тізілімнің 1-9 бағаналарын толтыру кезінде нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімінің 1-6 бағаналарын толтыру жөніндегі нұсқауларды басшылыққа алған жөн болмақ.

## **8. Шет елдегі іс-әрекет үшін арналған құжаттарды ресімдеу**

46. Шет елде іс-әрекет жасауға бағытталған құжаттарды нотариаттық ресімдеу осы құжат ұсынылатын мемлекеттің құқығы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

47. Шет елде әрекет етуге арналған құжат әдеттегідей іс жүргізілетін тілде баяндалады. Азаматтың өтініші бойынша құжат шет тіліне аударылуы мүмкін ( Нотариат туралы заңның 5-бабы).

48. Шет елде әрекет етуге арналған құжаттарға қол қояр кезде айрықша тәртіп көзделген. Азамат төлқұжатына сәйкес өз тегі мен аты-жөнін құжат мәтінінде көрсетілгендегідей тәртіппен бір жолға жазуы, содан кейін қол қоюы қажет. Мысалы, құжат мәтінінде "Ерлан Ерланұлы Ерланов" деп көрсетілген болса, қойылатын қол да сол азаматтың аты мен әкесінің атынан басталуы, егер мәтінде "Қадырәлиев Қадырәлі Қадырәліұлы" деп көрсетілсе қол қою тегінен басталуы тиіс.

49. Куәландыру жазбаларын толтыру барысында нотариустың тегін, өз аты мен әкесінің атын, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің толық атауын және нотариаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензияның нөмірі мен берілген күнін мөр басылымындағыдай толық та айқын көрсету қажет. Күнін сөзбен жазып көрсету қажет; құжатқа қол қойған тұлғаның тегі мен аты-жөнін төлқұжат немесе жеке куәлік бойынша көрсетілгендей реттілікпен көрсету қажет. Мөр құжаттың бос жерінде куәландырылған жазбалар астына мәтін мен нотариус қолына тиіп кетпейтіндей етіп қойылады.

50. Шет елде әрекет ету үшін құжаттар сапалы қағазға толтырылуы, бүкіл мәтін (соның ішінде нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімнің реттік нөмірі, өндіріліп алынған мемлекеттік баж салығының сомасы немесе жеке практикамен айналысатын нотариусқа нотариаттық әрекет жасағаны үшін төленген сома) бастырылуы тиіс.

Нотариаттық іс-әрекет кімнің атынан жасалса, сол адамдарға құжаттардың бірінші данасы тапсырылады.

Құжаттарды бекітуге, ақырына дейін жазылмаған жолдарды, бос орындарды сызғылауға, сондай-ақ оларға мастикалық мөрлерді соғуға рұқсат етілмейді.

Құжаттарды жібек лентамен немесе қызыл, я болмаса ақ түсті жіппен тіккен жөн.

**Ескерту: 50-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

## **9. Нотариустың мөрі**

51. Нотариустың өз тегі, аты-жөні көрсетілген жеке мөрі (бұдан әрі - мөр) болады, сондай-ақ мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы (мемлекеттік нотариус мөрі) немесе нотариусқа берген лицензия нөмірі мен күні (жеке практикамен айналысатын нотариустың мөрі) көрсетіледі, бұл мөр металдан (металл қоспаларынан) арнайы жабдықта дайындалуы, оны дайындауға қойылатын бүкіл

талаптар сақталуы және жоғары дайындау сапалылығымен, жалған дайындаудан қорғалуымен, беріктігімен және бояғыштарға төтеп беру секілді айрықша қасиеттерімен сипатталуы тиіс.

Нотариустың «Электрондық құжат және электронды цифрлы қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес электронды цифрлық қолтаңбасы болады.

**Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

52. Мемлекеттік нотариустың мөрі "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тілде және «Мемлекеттік нотариустың мөрі туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 20 тамыздағы № 113 бұйрығына сәйкес дайындалады.

**Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің м.а. 2010.09.30 N 272 бұйрығымен.**

53. Жекеше практикамен айналысатын нотариус мөрінің сипаттамасы:

Жекеше практикамен айналысатын нотариустың мөрі Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1997 жылғы 25 мамырдағы N 61 Бұйрығымен бекітілген "Жекеше нотариустың мөрі туралы" Ереженің 1-тармағының талаптарына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалады. Караныз V990000702

54. Мөр мәтініне нотариустың тегін, аты мен әкесінің атын жазу төлқұжатқа (жеке куәлікке) сәйкес жүргізіледі.

55. Нотариустардың мөрлерін дайындауға тапсырыс орталықтандырылған тәртіппен аумақтық әділет органы жазбаша тапсырысы бойынша жүзеге асырылады.

Мөрлер арнайы ашылып жүргізілетін, нөмірленген, жіппен бауланған және тиісті органның мөрімен бекітілген журналға қолдары қойылғаннан кейін ғана беріледі.

Журнал қатаң есепке алынған және тұрақты сақталатын құжат болып табылады.

**Ескерту: 55-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.**

56. Нотариус мөрі куәландыру жазбасының мәтінінде нотариаттық куәландыру немесе құжатты куәландыру кезінде, қаулыда немесе тапсырмада олардың өз қолдарын бекіту үшін пайдаланылады. Мөрді нотариаттық қызметке қатысы жоқ құжаттарға соғуға жол берілмейді.

57. Мөрдің дұрыс пайдаланылуы мен сақталуы жөніндегі жауапкершілік нотариусқа жүктеледі.



58. Мөр жоғалғанда немесе ұрланғанда нотариус аумақтық әділет органына немесе нотариаттық палатаға жедел хабар беруге міндетті.

59. Мемлекеттік нотариус қызметтен босатылған жағдайда не жеке практикамен айналысатын нотариустың лицензиясы тоқтатылғанда немесе кері қайтарып алынғанда аумақтық әділет органы және нотариаттық палата нотариус мөрін алу және бұдан әрі осы мақсатқа пайдалануға болмайтындай етіп бедерін кетіру жолымен комиссиялы түрде жою шараларын қолданады, бұл жөнінде акт жасалынады.

60. Жеке практикамен айналысатын нотариустың лицензиясы тоқтатыла тұрған жағдайда мөр уақытша сақтауға аумақтық әділет органына тапсырылады.

61. Жеке мөрлерді пайдалану үшін тек көк және қою көгілдір бояғыштарды қолдануға болады, кара немесе түрлі-түсті бояғыштарды қолдануға болмайды.

62. Жойылған мөрлердің күшін жойғандығы және жарамсыздығы туралы хабарды әділет органдарының республикалық және жергілікті басылымдарында жариялау қажет.

## 9-1-тарау. Нотариустардың бланкілері

**Ескерту: 9-1-тараумен толықтырылды - Әділет министрінің 1999 жылғы 30 желтоқсан N 732 бұйрығымен.**

63. Нотариустың жеке бланкілері болады.

6 4 . < \* >

**Ескерту: 64-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.**

6 5 . < \* >

**Ескерту: 65-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.**

66. Нөмірленген, бауланған және тиісті аумақтық әділет органының мөрімен бекітілген арнайы жүргізілген журналда қол қойылғаннан кейін ғана бланкілерді беру жүргізіледі.

6 7 . < \* >

**Ескерту: 67-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 бұйрығымен.**

68. Мемлекеттік нотариус қызметінен босатылған жағдайда пайдаланылмаған бланкілер тапсыру-қабылдау актісі бойынша аумақтық әділет органына тапсырылады.

Жеке нотариустық жеке нотариаттық қызметі тоқтатылған, тоқтатыла тұрған жағдайда пайдаланылмаған бланкілер акт бойынша нотариаттық палатаға тапсырылады, ол өз кезегінде оларды аумақтық әділет органына тапсырады.

69. Нотариус сенімхатты куәландырған кезде бланк бүлінген жағдайда бланктің өзінде форматының қиғашынан қара немесе күлгін түсіндегі сиямен бас баспа әрпімен "БҮЛІНГЕН" деген жазу жазылады.

Жазу бланкіні толтырған нотариустың қолымен куәландырылады. Бүлінген бланкілер осы Нұсқаулықтың 68-тармағымен көзделген тәртіппен қайтаруға жатады.

70. Бүлінген бланкілерді аумақтық әділет органы өртеу не мәтінді оқу мүмкіндігіне жол бермейтіндей деңгейде ұсақтау жолымен комиссиялы түрде жояды, содан кейін жою актісі жасалады

N 1-қосымша

**Түскен хат-хабарларды есепке алу журналы**

р/н	Құжаттың	Құжат	Қысқаша	Орындалуы	Құжат	Ес.
NN	түскен	қайдан	мазмұны	жөніндегі	жатқан	керту
	күні	түсті		белгі	іс	
	мен				(наряд)	
	нөмірі				нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7

2-қосымша

**Кеткен хат-хабарларды есепке алу журналы**

р/н	Кеткен	Құжат	Қысқаша	Орындалуы	
N	құжаттың	кімге	мазмұны	жөніндегі	Ескерту
	күні мен	жолданды		белгі	
	нөмірі				
1	2	3	4	5	6

3-қосымша

Тіркеу мөртабаны  
2 0 м м





## N 5-қосымша

**Нотариат кеңсесінің үлгі іс (наряд)****номенклатурасы**

## 1. Іс жүргізу, әкімшілік-шаруашылық мәселелері

N	А т а у ы	Сақтау мерзімі
1-1	Статистикалық есептер	тұрақты
1-2	Нотариат кеңсесінің жұмысын тексеру нәтиже.	
	лері туралы анықтамалар және актілер	5 жыл
1-3	Жеке құрам жөніндегі бұйрықтар және басқа да	
	құжаттар	5 жыл
1-4	Әділет органдарымен және нотариаттық палата.	
	мен хат-хабар алмасу	5 жыл
1-5	Мекемелермен, ұйымдармен және азаматтармен	
	хат-хабар алмасу	3 жыл
1-6	Нотариат кеңсесінің қаржы және шаруашылық	
	қызмет құжаттары	5 жыл
1-7	Нотариат кеңсесінің жұмысын ұйымдастыру	
	жөніндегі арыздар мен ұсыныстар және оларға	5 жыл
	жауап	
1-8	Нотариат кеңсесінің іс номенклатурасы	тұрақты
1-9	Мұрағатқа өткізілген деректі материалдардың	тұрақты
	тізімдеулері	
1-10	Түскен хат-хабарларды тіркеу журналы	3 жыл
1-11	Кеткен хат-хабарларды тіркеу журналы	3 жыл

1-12	Нотариусты үйге шақыруды есепке алу журналы	3 жыл
------	---	-------

## 2. Нотариаттық іс-әрекет жасау

2-1	Бөлінген жер учаскесінде тұрғын үй салу туралы шарт	75 жыл
2-2	Тұрғын үйлерді иеліктен алу және кепілге салу туралы шарттар, соның негізінде куәландырылған құжаттар	75 жыл
2-3	Мүлікті иеліктен алуға (қамауға) тыйым салу және оны алып тастау туралы хабарламалар мен хабарлар	3 жыл
2-4	Басқа да шарттар (мүлікті, жерді иеліктен алу және басқалар)	25 жыл
2-5	Нотариаттық куәландырылған өсиеттер	75 жыл
2-6	Мұралық істер	75 жыл
2-7	Сенімхаттар	оларды қолдану мерзімі біткен күннен бастап 3 жыл
2-8	Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік (егер мұндай куәлік нотариаттық кеңседе мұралық іс ретінде жүргізіліп, көзі тірі жұбайына берілсе, ол мұралық іске тігіледі)	75 жыл
2-9	Азаматтың тірі екендігін және белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру туралы, құжатты сақтауға қабылдау туралы куәлік	3 жыл

2-10	Құжаттардың көрсетілген уақытын куәландыру жөніндегі құжаттар	3 жыл
2-11	Азаматтардың, мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың арыздарын басқа азаматтарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және ұйымдарға беру	3 жыл
2-12	Депозиттік операциялар жасау жөніндегі құжаттар	10 жыл
2-13	Орындау жазбаларының көшірмелері, оларға қатысты құжаттар	3 жыл
2-14	Теңіз наразылығы туралы акт	3 жыл
2-15	Дәлелдемелерді қамтамасыз етумен байланысты жасалған құжаттар	5 жыл
2-16	Мекемелермен және азаматтармен нотариаттық іс-әрекет жасау мәселелері бойынша хат-хабар алмасу	3 жыл
2-17	Занды тұлғалардың істері	
2-18	Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту туралы қаулылар	5 жыл
2-19	Құжаттарды сараптауға жіберу туралы қаулы	3 жыл
2-20	Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған тізілімдер	тұрақты
2-21	Иеліктен алуға тыйым салынған мүліктерді тіркеуге арналған тізілімдер	75 жыл
2-22	Мұралық істерді есепке алу кітабы	75 жыл
2-23	Мұралық істерді есепке алудың алфавиттік кітабы	75 жыл
2-24	Өсиеттерді есепке алудың алфавиттік кітабы	75 жыл

2-25	Тыйым салынған және қамаудан алып тасталынған тұрғын үйлерді есепке алудың алфавиттік кітабы	75 жыл
2-26	Мұралық мүлікті қорғауға шаралар қолдану туралы өтініштерді есепке алу кітабы	75 жыл
2-27	Мұралық мүлікті қорғауға шаралар қолдану кезіндегі бағалы заттарды есепке алу кітабы	75 жыл

**Е с к е р т у :**

2-19 - 2-26-тармақтарда көрсетілген кітаптар баулануы тиіс. Парақтардың саны әділет органының немесе нотариаттық палатаның қызметкерлерінің қолымен куәландырылуы тиіс.

N 6-қосымша

"Бекітемін"

(нотариат кеңсесінің атауы,  
жекеше нотариус лицензиясының  
күні мен нөмірі)

(нотариустың Т.А.Ә)  
қ о л ы

күні

**Істер номенклатурасы**

Айы, күні, жылы, \_\_\_\_\_ жылға индексі \_\_\_\_\_

Істер индексі	Істердің атауы	Істердің (томдардың) саны	Тізбе бойынша баптар мен сақтау мерзімдері	Ескерту
1	2	3	4	5

Ашылған істердің санаттары мен саны туралы қорытынды жазба

Сақтау мерзімдері б о й ы н ш а	Барлығы	Соның ішінде өтпелілері
т ұ р а қ т ы		
уақытша (10 жылдан аса)		
уақытша (10 жылға дейін-		

|гілерін қоса есептегенде)|

\_\_\_\_\_

Жиынтығы: \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

"Келісілді"

\_\_\_\_\_ ( мұрағат мекемесінің

атауы)

N 7-қосымша

**Мұралық істерді есепке алу кітабы**

	Арыздар-	Қайтыс бол.	Қайтыс	Арыз беруші.	Мұраға	Істің	Ескер
N	дың келіп	ған адамның	болған	нің тегі,	құқық	мұра.	ту
p/n	түскен	тегі, аты,	күні	аты, әкесі.	туралы	ғатқа	
	күні	әкесінің		нің аты	куәлік.	жібер.	
		аты			тің бе.	ілген	
					рілген	күні,	
					күні	істің	
						нөмірі	
1	2	3	4	5	6	7	8

N 8-қосымша

Н N \_\_\_\_\_  
Т N \_\_\_\_\_

I N \_\_\_\_\_

(мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы,  
жекеше нотариус лицензиясының нөмірі және күні)

том N \_\_\_\_\_

N \_\_\_\_\_ IC

(істің тақырыбы)

жыл

бет

сақталсын

----- Н N -----  
----- Т N -----  
IN \_\_\_\_\_  
N 9-қосымша

-----  
нотариат кеңсесі (нотариус) \_\_\_\_\_  
N \_\_\_\_\_ Қор  
(мемл.мұрағатта толтырылады)

**Тұрақты сақталатын істердің  
Тізімдемесі**  
(тізімдеменің титулдық парағы)

\_\_\_\_\_ жылдар  
N 10-қосымша

"Бекітілді"  
СӨК хаттамасы \_\_\_\_\_  
(мұрағат мекемесінің атауы)  
N \_\_\_\_\_  
(күні)

-----  
мемлекеттік нотариат кеңсесінің атауы, жеке практикамен  
айналысатын нотариус лицензиясының күні мен нөмірі

N \_\_\_\_\_ **Тізімдеме**  
**Тұрақты сақталатын істер**

\_\_\_\_\_ жыл

№	Істердің индекстері	Істердің тақырыптары	Күні	Парақтардың саны	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Аталған бөлімге \_\_\_\_\_ нөмірден \_\_\_\_\_ нөмірге дейінгі істер қосылды (санмен)

-----  
(құрастырушының лауазымы, тегі, атының,  
әкесінің атының бастапқы әріптері)

\_\_\_\_\_ жыл тізімдемесінің бөліміне қорытынды жазбаны куәландырамын.

Қолы \_\_\_\_\_  
(іс жүргізуге жауапты адамның

лауазымы, тегі, атының, әкесінің атының бастапқы әріптері)  
Сараптама комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_ (қолы, күні)  
" К е л і с і л д і "

№ 11-қосымша  
"Бекітемін"

\_\_\_\_\_ (нотариат кеңсесінің, атауы, жекеше \_\_\_\_\_  
нотариус лицензиясының күні мен \_\_\_\_\_ (нотариустың Т.А.Ә)  
н ө м і р і ) \_\_\_\_\_ қ о л ы  
күні

**АКТ**

Күні \_\_\_\_\_ Индекс \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (құрастырылған орны)

Құжаттар мен істерді жоюға бөлу туралы

Негіздеме: № \_\_\_\_\_ бұйрық \_\_\_\_\_ (күні)

Құрастырған: сараптама комиссиясы

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә)

Комиссия мүшелері: \_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә)

Қатысқандар: \_\_\_\_\_ (лауазымы, Т.А.Ә)

Комиссия, мына тізбелерді \_\_\_\_\_ (тізбелер атауы)

басшылыққа ала отырып, ғылыми-тарихи құндылығының жоқтығына және қолданыстағы мән-маңызын жоғалтуына байланысты мына құжаттар мен істерді жоюға іріктеді.

\_\_\_\_\_ (нотариат кеңсесінің атауы, қызметінде одан әрі сақтауға жатқызылмайтын құжаттар жинақталып қалған жеке практикамен айналысатын нотариустың Т.А.Ә)

р/н	құжаттар	құжаттар мен істердің	түсінік.	құжаттар	тізбе
№	мен істердің	атаулары, номенклатура	темелер	мен істер	бойынша
	жылдары	бойынша істер	индексі,	(томдар)	баптар
		тізімдеулер		саны	нөмір.
		тізімдеулер		саны	лері
1	2	3	4	5	6



Барлық істер \_\_\_\_\_ (сандармен және жазумен)  
 Сараптама комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә) \_\_\_\_\_ қолы  
 Мүшелері: қолдары \_\_\_\_\_ (Т.А.Ә)  
 Құжаттар ұсақталып, өртеу арқылы жойылды.  
 Сараптама комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_ (қолы, күні)

N 12-қосымша

**Нотариус \_\_\_\_\_ нотариат кеңсесінің  
 \_\_\_\_\_ жылғы нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеуге арналған  
 N \_\_\_\_\_ тізілімі**

Нотариат.	Нотариат.	Нотариат.	Нотариат.	Нотариат.	Өндіріліп	Нотар.
тық іс- әрекет. тің нөмірі	тық іс- әрекет салған күн	тық іс- әрекет жа. саған тұл. ғаның ата. үшін кел.	тық іс- әрекет жасау тің маз. тік баж делген	тық іс- әрекет. мемлекет. ресім.	алынған	иалдық
		уы мен тұ. ген адам.			(тариф)	күжат.
		ратын жері ның жеке			немесе	ты ал.
		және оның басын			босату	туралы
		деректеме. куәланды.			жөніндегі	қолхат
		лері	ратын		белгі	
			қ ұ ж а т			
1	2	3	4	5	6	7

N 13-қосымша

**Нотариус \_\_\_\_\_ (нотариат кеңсесінің) \_\_\_\_\_ жылғы  
 мүліктерді иеліктен алуға тыйым салуды тіркеуге арналған  
 N \_\_\_\_\_ тізілімі**

Нотариаттық	Мүлікті иеліктен	Нотариустың	Тыйым	Тыйым салынған
іс-әрекет	алуға тыйым салу	қамауға алу	салынған	мүлікті иеліктен
нөмірі	негіздемесі.	туралы хабар	күн	алған меншік
	Банктің несие ту	ды қаулыны		иесінің Т.А.Ә
	ралы хабар бер.	алған күні,		және тұратын ме
	ген күні, қамауға	кепілдік ту.		кені. Мүліктің
	алу т.с.с. туралы	ралы келісім		тұрған жері
	ұйғарымдар (қаулы	ді куәлан.		

	лар)		дыру күні	
1	2	3	4	5

Хабарлама қашан және кімге жіберілді	Мүлікті иеліктен алуға салынатын тыйымды алу негіздемесі	Тыйымды алу жөніндегі хабарлама қашан және кімге жіберілді	Өндіріліп алынған мемлекеттік баж (тариф), төлемнен босату жөніндегі белгі
6	7	8	9

**Мұралық істердің алфавиттік кітабы**

Қайтыс болған адамның тегі, аты, әкесінің аты	Қайтыс болған күні	Мұралық істің нөмірі	Ескерту
1	2	3	4

А  
Б

В

**Өсиеттерді есепке алудың алфавиттік кітабы**

